

Нәзік жанды кәсіпкерлер бас қосты



Көктем мерекесінде кәсіпкерлік миссия Астанада кәсіпкер айелдердің басын қосқан үлкен шара етті. Биылғы «Жастар жылына» орайластырылған - «JAS QANATTAR» жастар кәсіпкерлігінің форумына қаламыздан да екіншінде қатысты.

Елордада откен форумға қаламыздан тәжірибелі кәсіпкер, Қостанай облыстық «Іскер айелдер» ассоциациясының мүшесі - Тамара Жакенқызы мен аталған үйымның жаңа мүшесі,

жас кәсіпкер - Жансая Алмасқызы қатысып қайтты. Осы саланың білікті мамандарының мол тәжірибесін жастарға үйрету мақсатында үйымдастырылған шарага еліміздің әр өнірінен 400-ге жуық назік жанды кәсіпкерлер барған. - «JAS QANATTAR» жастар кәсіпкерлігінің форумына алем нарығына шыққан кәсіпкерлер қатысты. Менің озім бул шарадан көп нарсе үйренидім. Сол себепті де, форумның зерттеушесі жастарға берері көп деп ойлаймын. Бизнесті қалай дамыту керек, істі қалай жүргізу теңдік болады осының барлығын жастар тәжірибелі кәсіпкерлерден тренингтер арқылы үйренип, - сөз шығына Шалғанова ата-

рып келдім. Мен қаламызда жас кәсіпкерлердің көп болғанын, олардың бизнестері дамығанын қалаймын. Егерде жас кәсіпкерлерде қындық туса мен жол көрсетуге дайынмын, - дейді Тамара СОКОЛОВА ханым.

Жансая да форумнан көп нарсе үйренип, бул шараның болашаққа мотивация болғанын айтады. Жас кәсіпкер откен жауды өз жұмысшы тобымен бірге, жастар корпусын дамытуға арналған «Jas Project» жобасының жөнімпазы атанған болатын. Жоба нәтижесінде 6 ай бойы алеуметтік жағдайы темен, қамқоршысыз, көпбалағы отбасы балалары қурамынан 14-25 жас аралығындағы 36 қыз баланы сұлуптық салонының шеберлігіне тегін баулыған. Нәтижесінде осы салага деген қызығушылығы басым 8-ін жұмыспен қамтый, заманауи үлгіде жабдықталған сұлуптық салоның іске қосты.

Форумға К. Р. Сенатының депутаты Дарига НАЗАРБАЕВА, Еуропалық қайта куру және даму банкінің еліміздегі басшысы Агрис ПРЕЙМАНС сынды танымал кіслер арнағы қатысқан. «Кайдзэн стиліндегі кәсіп», «УКБ әкілдеріне келешегі мол электронды сату» тақырыптары талқына түсіп, шеберлік салынштары еткізілді. Сондай ақ, «Кәсіпкерге арналған тиімді коммуникация», «Дағдарыс кезінде сату көрсеткішін есірудегі басты құрал» тақырыптарында тренинг үйымдастырылып, үнемі кеңес беру - аймагы жұмыс жасаған. Жас кәсіпкерлерге берері мол басқа да көптеген шаралар форумда көрініс тапты.